

**«Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК ұжымының  
жалпы жиналыс Хаттамасы**

2023 жылғы «12» мамыр  
Атырау қ.

№ 2



**Төраға-Мухлисов Ж.К.**  
**Хатшы- Мурсалимова Б.И.**

**Қатысқан қызметкерлер -Медицина және әкімшілік- шаруашылық қызметкерлері**

**Күн тәртібі:**

«Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК қызметкерлеріне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарының 26 тармағына сай, стационарларда ем алатын немесе ем алып жатқан тұлғалардың әлеуметтік жағдайларына немесе мәртебесіне қарай артықшылықтар көрсетілуін болдырмау, пациенттер мен медициналық ұйымға келушілермен қарым-қатынаста және қызметкерлер арасында этика және деонтологияны талаптарын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

**Күн тәртібі бойынша заңгер, комплаенс қызметкері Б.И.Мурсалимова қысқаша түсіндірме баяндама жасады.**

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Медицина қызметкерлері тарапынан ем алатын немесе ем алып жатқан тұлғалардың әлеуметтік жағдайларына немесе мәртебесіне қарай артықшылықтар көрсетуі, ол үшін сыйақы алуыда осы сыбайлас жемқорлық көрінісіне жатады. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінде, Қазақстан Республикасының медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі, Медицина қызметкерлерінің міндеттері анық көрсетілген. Біздің Орталықта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары» қабылданған. Жоспарға сәйкес мекемеде сыбайлас жемқорлыққа байланысты күдікті ақпаратты анықтау мақсатында «сенім телефоны» қызметін ұйымдастырылды, сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға жол бермеуге бағытталған қабырға бұрышы жасақталды. Орталық ғимаратында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ақпараттық стенд жасқталған. Емдеушілердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты

фактілерді немесе мекеме қызметкерлерінің қызметін асыра пайдалану мәселелері бойынша арыз шағым, ұсыныстарын тіркеу журналы ашылды. Денсаулық сақтау басқармасының бұйрықтарына сай, сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептерді жоюға бағытталған жүйелі іс-шаралар жүргізуде. 2010 жылдан бері Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізіле басталғалы стационарларға емдеуге жатқызу порталы іске қосылды. Бұл портал арқылы тіркеу науқастың стационарға жату үшін дәрігерлермен алдын ала келіссөздер жүргізуінің алдын алады. Науқастар жыл сайын портал арқылы жоспарлы түрде жатқызылады. Кезек автоматты түрде белгіленеді, оны өзгерту мүмкін емес. Әрбір емделуші өз кезегін ғаламтор арқылы бақылап отыра алады. Дәрімен қамтамасыз етудің ақпараттық жүйесі енгізілді. Ол дәрігерлердің рецептті жазуын, әрбір науқастың белгіленген дәріні алуын нақты бақылап отыруға мүмкіндік береді.

2019 жылдан бастап, «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызметтерді тұрғындар емханаға келмей ХҚКО алуда және де «электрондық үкіметтің» веб-порталы: [www.egov.kz](http://www.egov.kz) арқылы үйден алады.

Емделушілерден медицина қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық фактілері немесе қызметін асыра пайдалану мәселелері бойынша арыз шағым түскен жоқ.

**Хаттама жасақтаған:**

**Заңгер, комплаенс қызметкері**



**Б.И.Мурсалимова**